

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 886/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қыркүйекте № 4680 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 23.01.2018 № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының Үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі бекітілсін.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

осы қаулының ресми жариялануын заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А.Вербняк

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "31" шілдедегі
№ 886/8 қаулысымен
бекітілген

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі Екібастұз қаласының халқын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан

Республикасы, Павлодар облысы, 141206, Екібастұз қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 87 А.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ акимата города Экибастуза".

11. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте белгіленеді: бес күндік жұмыс аптасында сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

12. Мемлекет Екібастұз қаласының әкімдігі тұлғасында "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: қаланың атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және Екібастұз қаласында өз құзыреті шегінде халықты әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

17. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында көмек көрсету болып табылады.

18. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні қалалық деңгейде халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру болып табылады.

19. Міндеттері:

1) заңнамаға сәйкес қызмет пен кәсіп түрлерін еркін таңдауға, еңбек еркіндігі, әлеуметтік қорғауға азаматтардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау;

2) жұмысқа орналасу және кәсіби оқу мәселелері бойынша қажетті ақпарат және кеңес беру негізінде, еңбекке жарамды халықтың жұмыс немесе қызмет түрін таңдау қажеттілігін қанағаттандыру;

3) жұмыссыздарға және жұмыс берушілерге қызмет көрсетуге арналған іс-шаралардың сапасын арттыруға, тізбесін кеңейтуге бағытталған жаңа прогрессивтік түрлерін және жұмыс әдістерін енгізу;

4) халықты әлеуметтік қорғау мәселесін шешу, қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

5) әлеуметтік көмектердің және жәрдемақылардың (халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік және тұрғын-үй көмегі, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау, жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек) дер кезінде және дұрыс тағайындалуын қамтамасыз ету;

6) халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне бірыңғай ақпараттық технологияны енгізу, ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйесін жасау;

7) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыс жасайтын ведомстваға қарасты коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жұмыстарын үйлестіру.

20. Функциялары:

1) заңнамаға сәйкес халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру;

- 2) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерінің жобасын әзірлеу;
- 3) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы бағдарламалық құжаттарды бағалау және мониторингтеу;
- 4) халықты еңбек нарығындағы жағдай туралы ақпараттандыру, бірыңғай ақпараттық еңбек нарығы базасын жасау негізінде, жұмыс күшіне деген сұраныспен ұсынысты мониторингтеу;
- 5) еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес, мүдделі органдармен бірлесіп кадрлар дайындау қажеттілігін анықтау;
- 6) жұмыссыз азаматтарды тіркеу және оларға өз құзыреті шегінде әлеуметтік қолдау көрсету;
- 7) еңбек нарығының қажеттілігін есепке ала отырып жұмыс күшін кәсіби даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру және жүргізу;
- 8) ҰОС мүгедектеріне, тыл еңбеккерлеріне, көп балалы отбасыларына, мүгедектерге, мүгедек-балаларға, аз қамтамасыз етілген азаматтарға қайырымдылық акциясын өткізу жолымен әлеуметтік көмек көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру, барлық меншік нысанындағы мекемелер мен кәсіпорындардың қайырымдылық және демеушілік көмектерін үйлестіру;
- 9) халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыдан әлеуметтік көмекті есепке алу: аз қамтамасыз етілген азаматтарға, көп балалы аналарға және халықтың басқа әлеуметтік-қорғалған топтарына;
- 10) аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа толмаған балаларға мемлекеттік жәрдемақыны, тұрғын-үй көмегін ұсыну;
- 11) жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету;
- 12) мүгедектерді оңалту бойынша іс-шараларды іске асыру;
- 13) уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекетке қабілетсіз азаматтарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық органдарының функцияларын іске асыру;
- 14) әлеуметтік серіктестік жүйесін реттеу бойынша ұсыныстар дайындау;
- 15) әлеуметтік және еңбек қатынастары аясындағы әлеуметтік серіктестік жүйесін реттеу бойынша ұсыныстарды іске асыру, сонымен қатар өз құзіреті шегінде әлеуметтік серіктестік бойынша қалалық үшжақты комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету;
- 16) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселесін қарастыратын бірлескен жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымдарының, атқарушы билік органдары өкілдерінен құрылған кеңес беру комиссиясының және жұмыс тобының жұмысына қатысу;

17) мемлекеттік және ведомствалық есеп дайындау, бағыныштылық бойынша оларды тапсыру, белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есеп пен есептілік жүргізу;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуларды жүргізу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген функцияларды орындауға қажетті мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттар мен хабарландыруларды кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден (келісім бойынша) сұратуға және алуға;

2) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциясымен байланысты істер бойынша талап ету арыздарын ұсыну және сотта дербес және өкіл арқылы талапкер, жауапкер немесе куәгер ретінде шығу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу;

5) өз міндеттемелері бойынша жауап беру және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері негізінде жауапты болу;

6) мемлекеттік органның құзырына жататын мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру, азаматтардан келіп түсетін ұсыныстар мен өтініштерді қарау және оларға қатысты шешім қабылдау;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Екібастұз қаласының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары-сектор меңгерушілері болады.

25. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының - сектор меңгерушілерінің және басқа да қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

2) заңнамаға сәйкес қызметкерлерді тағайындайды және қызметтен босатады;

3) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыру бойынша дербес жауап береді;

4) белгіленген заңнама тәртібінде қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

5) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырады, шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға дербес жауап береді;

7) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің секторлары - құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

8) сенімхатсыз мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда, сонымен қатар сотта "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан шығады.

9) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзырына жататын мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында азаматтардан келіп түскен өтініштерді қарастырады және оларға қатысты шешімдер қабылдайды;

10) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесімен төлем өткізу, соның ішінде ақша

алушылардың тиісті шоттарына төлемдер өткізу бойынша қазынашылық органдармен бірлесіп тоқсан сайын салыстырып тексеруді қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

26. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

27. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Екібастұз қаласының әкімдігі арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

29. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

30. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

31. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне

бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

32. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік ұйымдардың тізбесі

1) "Тұрақты мекені жоқ тұлғаларға арналған Екібастұз қалалық әлеуметтік бейімделу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Павлодар облысы Екібастұз қаласының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Екібастұз қаласының халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.